

ӘОЖ 330. 34; 330. 35

¹Қ.Ә. Жүніс, ²А.Т. Басшибаева*¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, т. ғ. к., доцент, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, магистрант Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: turkish. aigul@mail. ru

Орталық Азияның энергетикалық ресурстары және олардың мемлекетаралық қарым-қатынастарға ықпалы

Бұл мақалада Орталық Азия мемлекеттерінің энергетикалық ресурстарының мемлекетаралық қатынастардағы орны және мемлекетаралық қарым-қатынастарға тигізетін ықпалы талданған. Басты көңіл ірі пайдалы қазбалар қорына бай Орталық Азия аймақтық және әлемдік державалардың үлкен назарына ие болғанына, Орталық Азияның посткеңестік мемлекеттерінің билік құрушы элита-сы экономикалық дағдарыстан шығудың стратегиясын құруда өздерінің табиғи байлықтарын сатуға үлкен сенім артқанына бөлінген. Стратегиялық минералды шикізат қорларына (мұнай және газ) ие болған бұл аймақ барған сайын аймақтық және әлемдік орталық күштердің бәсекелестігіне және геосаяси ойындарға кіруіне де баса назар аудару қажеттілігі негізделген.

Түйін сөздер: энергетикалық ресурстар, посткеңестік, әлімдік державалар, экономикалық дағдарыс.

K.A. Zhunis, A.T. Basshibayeva.

The energy resources of Central Asia and their impact on inter-state relations

This article investigates the role of energy resources in Central Asia in international relations. In the past decade energy resources of Central Asia have become an objective of keen and competitive struggle between the key consuming countries. Moreover, the region under question is becoming one of the foreign policy priorities for the transatlantic community.

Keywords: power resources, post-Soviet, world powers, economic crisis.

К.А. Жунис, А.Т. Басшибаева

Энергетические ресурсы Центральной Азии и их влияние на межгосударственные отношения

В статье исследуются роль энергетических ресурсов Центральной Азии в межгосударственных отношениях. За последнее десятилетие энергетические ресурсы Центральной Азии превратились в объект острой конкурентной борьбы между крупнейшими странами-потребителями. Более того, исследуемый регион становится одним из внешнеполитических приоритетов для трансатлантического сообщества.

Ключевые слова: энергетические ресурсы, постсоветский, мировые державы, экономический кризис.

Табиғи ресурстардың қоры бойынша, Орталық Азия әлемде көшбасшы елдердің қатарында. Ашық мұхитқа шығуға мүмкіндігі болмай, соған байланысты әлемдік өтім нарығына шыға алмай, аймақ көрші мемлекеттердің көлік-транзиттік

коммуникацияларына тәуелді күйде болып қала беруде. Көбінде аймақтың энергетикалық потенциалын жүзеге асыру әлемдік державалар мен транзитті мемлекеттердің тобымен жақсы мемлекетаралық қарым-қатынас құруға тәуелді.

Бұл субъектілердің қызығушылығын, ең алдымен, Орталық Азияның индустриалды дамыған мемлекеттерге арзан шикізат ресурстарын беруші болуымен түсіндіруге болады. Ол шикізаттың баламалы көзі және олардың өнімдерінің өтім нарығы болды және болып қала береді. Дегенмен, бұл аймақ Таяу және Орта Шығыс елдеріне бақталастық құруы мүмкін.

Ірі пайдалы қазбалар қорына бай Орталық Азия аймақтық және әлемдік державалардың үлкен назарына ие болды. Орталық Азияның посткеңестік мемлекеттерінің билік құрушы элитасы экономикалық дағдарыстан шығудың стратегиясын құруда өздерінің табиғи байлықтарын сатуға үлкен сенім артады. Стратегиялық минералды шикізат қорларына (мұнай және газ) ие болған бұл аймақ барған сайын аймақтық және әлемдік орталық күштердің бәсекелестігіне және геосаяси ойындарға кіруде.

Осы орайда, Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың: «... қазіргі таңда Каспий аймағының маңызы әлемдік геосаясаттың алғашқы қатарына шығуда. Ол ислам, христиан және будда діндерінің шектескен жері болып саналады», – деген сөздері орынды.

Каспий аймағының маңызы 2001 жылы 11 қыркүйекте АҚШ-та болып өткен жағдайлардан кейін арта түсті. Н. Назарбаев өзінің «Сындарлы он жыл» атты еңбегінде Каспийдің маңындағы жағдайларды былайша қорытындылайды:

– біріншіден, АҚШ-тағы террактілерден кейін әлемдегі жалпы геосаяси жағдай өзгерді, ол Батыстың Таяу шығыстық аймағына энергетикалық тәуелділіктің төмендеу үрдісін алып келді;

– екіншіден, жалпы әлемдік энергетикалық нарықтағы жағдай тұрақсыз болып келеді. Әлемдік нарыққа мұнайды тасымалдаушы мемлекеттер арасындағы бақталастық күшеюде;

– үшіншіден, Каспийдің негізгі энергетикалық қорларын іске қосу кезеңі басталуда. Каспий шельфындағы барлау жұмыстары өзінің қорытынды кезеңіне жетті. Каспий ресурстарының картасы барған сайын ашық, мұнай бар ірі аймақтар белгіленді [1, 150-151 б.].

Қазақстан басшысының ойы бойынша, «аталған жағдайлар Каспий аймағы маңындағы геосаяси күресті күшейтеді». Елбасы «... аймақтағы стратегиялық тұрақты қысқа

мерзімде энергетикалық немесе экологиялық аспектілерге емес, Каспий маңындағы геосаяси жағдайдың өзгеруіне тәуелді болады», – дейді [2, 88 б.].

Аймақтық және әлемдік державалардың аймаққа бұндай қызығушылығының себептері бар. Жаңа орталық азиялық мемлекеттердің табиғи, оның ішінде, энергетикалық ресурстарын қайта бөлу, аймақтағы көлік ағымдарына ықпал ету үшін күрес ықпал ету аймағын кеңейту мүдделерімен тоғысады.

«КСРО-ның ыдырауынан кейін әлі қатаймаған, қолдауға мұқтаж жаңа мемлекеттік құрылымдарда пайда болған геосаяси вакуум, әлсіреген, көбінде, өзінің бұрынғы шеткері аймақтарына бейжай Ресейдің қажетті қарсы тұрушылығынсыз қарқынды түрде тола бастады. Мәселе ХХІ ғасырда аймақта анықтаушы стратегиялық ықпалға кім ие болатынында жатыр» [2, 91 б.] .

Қазіргі таңда Каспий аймағында әлемнің барлығына дерлік трансұлттық компаниялары жұмыс жасауда, ірі жобаларда консорциумдар ұйымдастырылды, орта және кіші жобалар өздігінен жасалуда.

Көшбасшылық позицияда орын алуға ұмтылушылар жетерлік, Түркия Республикасы да солардың қатарында. Көптеген қазақстандық сарапшылардың айтуынша, «Түркияның Каспийдегі іс-әрекеті өте ұстамды, себебі ол экономикалық қатынастары қарқынды түрде дамып келе жатқан Ресеймен жақсы байланыстарды сақтап қалуға мүдделі» [2, 93 б.].

Қалай болғанмен де, басқа мемлекеттермен қатар Түркия да өзінің транзиттік мүмкіндіктерін пайдалана отырып, тек тасымал үшін төлемнен пайда алуға ғана тырыспайды, сонымен қатар бұл жағдайды барған сайын өзінің геосаяси және геоэкономикалық мүдделерімен ұштастырады.

Осы орайда, қазақстандық зерттеушілер Түркияның Каспий аймағындағы негізгі мүдделерін атап көрсетеді:

Біріншіден, Каспий маңы мемлекеттерінің есебінен өзінің сыртқы саяси позицияларын нығайту.

Екіншіден, аймақтағы Анкараның саясатына Бастысты одан бетер тәуелді ету. Осы жағдайдағы ұзақ мерзімді мақсат – қазіргі кезеңде көптеген себептерге байланысты мүмкін

болмай жатқан Еуропалық Одаққа толық қанды мүше болып ену. Мұнайдың көптігі Түркияға еуропалық қауымдастыққа ықпал етудің қосымша тетіктеріне қол жеткізуге мүмкіндік бермек, өз кезегінде ол бұл мемлекеттің ЕО құрылымына экономикалық жағынан, кейіннен саяси жағынан да интеграциялануына жол ашады. Әзірше еуропалық саясаткерлер бұндай болжамдарға суыққандылық танытады. Еуропалықтардың көзінде Түркияның транзитті ел болып көрінуі тұрақтылық сезімін тудырмайды.

Үшіншіден, ішкі нарықты энергоресурстармен қамтамасыз ету. Түркия энергетикалық ресурстар тұрғысынан алғанда, импортер-мемлекет болып саналады. Түркияның араб әлемімен қарым-қатынастардың күрт суу жағдайында Анкараның Вашингтонмен одақтық байланыстары оның Таяу Шығыстағы мұнай өндіруші мемлекеттермен ынтымақтастығына жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Төртіншіден, әлемдік нарыққа каспийлік көмірсутегінің экспорттық ағынын бақылау. Түркия Баку-Жейхан негізгі экспортты құбыры жобасын жүзеге асырудағы негізгі қозғаушы күш болып саналады [2, 95 б.].

Соған байланысты, «Түркияның орталық азия аймағындағы энергетикалық мүдделері, ең алдымен, Каспий теңізінің мұнай өндіруші аймағына және Түрікменстанның газ жобаларына бағытталатыны» түсінікті. «Ирак мұнайынан қол үзген түрік экономикасы энергошикізат тапшылығына ұшырады. Өзінің Иракқа қарсы санкцияларын жоюға мүдделі Түркия өзінің көптеген одақтастарымен, әсіресе АҚШ-пен санаспауына болмайды. Осы орайда, Каспий аймағынан мұнай құбырын салу жобасы Түркия үшін өте пайдалы, бұған қоса, Түркияның оңтүстіктегі мұнай құбыры өзінің толық күшінде» [3, 36-41 б.].

Иелігінде газ кен орындары жоқ, өзінің мұнай қоры санаулы болып келетін Түркия өз территориясынан тек 3 млн тонна мұнай өндіреді, ал оның жылдық тұтыну мөлшері 20 млн тоннаны құрайды. Мұндай жағдайда Каспий аймағындағы елдерден мұнайды тасымалдаудың ұзақ мерзімді баламалы мүмкіндігі Түркия үшін ерекше орай болып табылады.

Бұқаралық ақпарат құралдарында мамандардың айтуынша, Каспий аймағындағы көмірсутегі қоры Парсы шығанағы аймағымен пара-пар.

Алайда мұнай қорының бұндай бағалануы тым асыра көрсетілгені туралы да көзқарастар бар. Каспий маңындағы мұнай және газдың геологиялық қорлары әлі күнге дейін толық зерттелмеген. Шетелдік және ресейлік сарапшылардың алғашқы есептеулері бойынша, мұндағы дәлелденген мұнай қоры, шамамен 4 млрд тоннаны құрайды. Мұндағы Каспий аймағының үлесі әлемдік қордың 2,6%-ды құрайды. Бұған қоса дәлелденген де, болжамды да мұнай қорларының басым бөлігі Әзірбайжан және Қазақстан территорияларында орналасқан.

Жалпы алғанда, ресурстарды санауда көптеген көрсеткіштер бар. Іс жүзінде, Каспий аймағы көмірсутегі қорлары бойынша «екінші парсы шығанағы» бола алмайды. Қалай болғанда да, Каспий аймағының рөлі еш төмендемейді және барған сайын әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттерін қызықтыруда.

Мұнай беруші аймақтың нәтижелі дамуы стратегиялық міндеттердің кешенін шешуге және жақсы пайда алуға мүмкіндік береді. Осыған байланысты Каспий аймағының барлық мемлекеттері өздерінің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін қысқа уақытта шешу үшін теңіз түбін ертерек игеруге үлкен қызығушылық танытуда [3, 57 б.].

Ең басты мәселе энергоресурс кен орындарының мұхиттан шалғайда орналасуында және соған байланысты үлкен жүкті танкерлерді қабылдайтын порттардан алыс. Орталық Азияның энерготасымалдауыштарының басқа ірі мұнай және газ кен орындарынан ерекшелігі оны теңізге жету үшін бір немесе бірнеше мұнай өндірмейтін мемлекет аумағынан құбырлар арқылы тасымалдау болып табылады.

«XXI ғасырда Каспий аймағы әлемдік нарыққа энергоресурстарды тасымалдайтын басты тасымалдаушылардың бірі болуды уәде етеді. Келер онжылдықтарда Каспий теңізінің бассейнінде мұнай және газ игеруді ұлғайтудың болашағы, оның әлемдік энергиямен қамтамасыз етудегі рөлінің ұлғаюы мемлекеттер арасындағы бақталастықты күшейтетіні сөзсіз» [4, 67 б.].

Каспийдің дәрежесі туралы келіссөздер процесі және оның елдер арасындағы шектерін анықтау мәселесі 1994 жылдан басталды, қазірге дейін ең оңтайлы, нәтижелі жалғыз шешім болып Қазақстан, Әзірбайжан және Ресей арасындағы ұстаным саналады, ол бойынша, шекара жақтардың келісімімен бекітілген, нүктелердің қашықтығының теңдігіне негізделіп теңіз түбімен жүргізілген сызық бойынша бөлінеді, Каспийдегі қалыптасқан тәжірибе мен мойындалған қағидалар да ескеріледі.

Каспийдің бөлінісі мәселесі Иранға өте маңызды, ең алдымен саяси жағынан, себебі бұл оның мұсылман әлеміндегі беделіне және аймақтағы жағдайына ықпал етеді, әсіресе ОПЕК картелінде. Оңтүстік Каспий шельфіндегі көмірсутегі қорларының маңызы Иран үшін екінші деңгейде. Құрлықтағы мұнай-газ кен орындарын барлау мен игеру көлемімен салыстырғанда, бұл тым аз.

Көптеген бақылаушылардың айтуынша, «Түрікменстанның ұстанымы Иранға қарағанда, «солтүстіктегілерге» жақынырақ, алайда Ашхабад пен Баку орта сызықты жүргізудегі әдістемені анықтауда тартыстарды әлі шешкен жоқ. Суық қарым-қатынастарына екі президенттің Каспийдің үстіне төнген «қан иісі» және «өздігінен сызылған сызықтар» туралы сөздері дәлел бола алады. Алайда саммит шеңберіндегі С. Ниязов пен Г. Алиев арасындағы екіжақты кездесудің барысында «мұз орнынан қозғалды» және бірнеше күннен кейін Түрікменбашы теледидардан берген өзінің сөзінде тартысты кен орындар жөніндегі келіссөздер Бакумен жалғастырылатынын айтты» [5, 19-21 б.].

Сарапшылардың айтуынша, өзінің көршілерімен салыстырғанда, Баку қиын жағдайда тұр. Баку-Жейхан мұнай құбырын іске қосу мұнайды игеру көлемін ұлғайтуды қажет етеді, ол Түрікменстан және Иранмен шешілмей жатқан шельфтің басқа болашағы бар жаңа блоктарын бөлшектеп барлау мен игеру үшін инвесторларды тарту керектігін білдіреді.

Әзірбайжан ұзақ уақыт Түрікменбашының Каспийдің дәрежесін анықтап, орталық сызықты өткізудің әдістемесін анықтағанға дейін тартысты кен орындарындағы жұмысты тоқтату туралы үндеулеріне құлақ аспады, соның

нәтижесінде екі ел арасындағы диалог іс жүзінде тоқтауға дейін барды. Ал Иранмен кеңесулер әлі де белсенді, Әзірбайжан жағы Мәскеудің және Ашхабадтың қолдауына, сонымен бірге Вашингтонның протекционизміне арқа сүйейтіні көрінеді.

Ресей мен Қазақстан Каспийдің түбі басқа мемлекеттермен Қазақстан және Ресей немесе Ресей және Әзірбайжан сияқты бөлінуі керектігіне басымдық етпейді, олар бұны екіжақты келісімдер мен екіжақты келісушілікке негіздейді. Екі мемлекет Оңтүстік Каспийдегі келіспеушіліктерді реттеуге араласуды арбитр ретінде де, қандай да бір жақтың жақтаушысы ретінде де қаламайды, сонымен бірге өздерінің жалпы позицияларынан бас тартуды көздемейді. Тегеранның «каспийлік бөліну келісімдерін» мүлдем қабылдамауына қарамастан, Астана және Мәскеу 2002 жылы «Құрманғазы», «Хвалыньское», «Центральное» кен орындары жөніндегі келісімдерді қағаз жүзінде бекітті.

2002 жылы наурыз айында сауда бойынша американо-әзірбайжан комиссиясының отырысында АҚШ мемлекеттік хатшысының орынбасары Р. Армитидж Вашингтонның Иранның «көршілерге қысым көрсетуі» жағдайында шетте қалмайтынын білдірді, бұл оның алдындағы Алы кен орындарындағы жағдайға байланысты айтылған еді. АҚШ-тың Бакудағы елшісі Росс Уилсон бұдан да алысқа барды. Р. Армитидждың сөзін түсіндіре келе, ол: «АҚШ-тың Иранның Әзірбайжанға қатысты әрекеттеріне қатысты наразылығын және Иранға қатысты Әзірбайжанның саясатын қолдауға дайын екендігін нақты анықтайтынын», – айтты дейді.

Алайда ресми Вашингтон Р. Армитидждың баяндамасы дәстүрлі американо саясатынан шықпайтынын және ешқандай «әскери міндеттемелерді» білдірмейтінін ескертуге асықты, себебі Әзірбайжан НАТО-ның мүшесі емес, ал қолдау патрульды катерлер мен радарлар беру формасында көрсетілуі мүмкін екендігін айтты.

1999 жылы 18 қарашада Стамбул қаласында Вашингтонның қатысуымен Түркия, Грузия, Қазақстан, Түрікменстан және Әзірбайжан президенттері каспийлік энерготасымалдағыштарды Түркия арқылы әлемдік нарыққа жеткізу үшін Баку-Жей-

хан мұнай құбырын және транскаспийлік газ құбырын салу жөнінде келісімдерге қол қойды. Америкалықтар бұл жобаны «негізгі экспортты құбыр» деп атайды.

«АҚШ Қазақстан мен Түрікменстаннан Түркияға мұнай және газды экспорттау жобаларын қолдайды, оның жүзеге асуы бұл мемлекеттердің АҚШ-пен саяси-экономикалық қатынастарын күшейтуі мүмкін деп сенеді. Жоба Каспийден Ресей және Иран территориялары арқылы құбыр жүргізуді көздейді, бұл АҚШ-тың мүдделеріне сай келеді. АҚШ-тың сауда жөніндегі департаментінің кеңесшісі Ян Калацкийдің айтуынша, Каспий, Әзірбайжан және Грузия арқылы Түркияға түрікмендік газды экспорттауға мүмкіндік беретін транскаспийлік газ құбыры Түрікменстан үшін пайдалы, себебі бұл нақты валютаны қамтамасыз етуі мүмкін ұзақ мерзімді жеткізулер болып табылады. Бұл келісім, оның ойынша, түріктік және әлемдік нарықтарға тәуелсіз кірісті қамтамасыз етеді. Бұл Түрікменстанның Түркия және АҚШ-пен саяси-экономикалық қарым-қатынастарын нығайту үшін маңызды жол болып табылады. Нақ Баку-Жейхан жобасы арқылы АҚШ аймақтағы өз ықпалын нығайтуды көздейді, ал Түркияның мұнай потенциалы бойынша аймақтық державаға айналуға ниеті бар. Себебі ирак және каспийлік мұнай оның бақылауына көшер еді, ол оның бағасын анықтау ісіне қатысу мүмкіндігін алушы еді және сәйкесінше, Еуразия мәселелері бойынша өз рөлін арттыра алар еді» [6, 12-14 б.].

Әлемдегі және аймақтағы оңай емес саяси жағдайдың орнауы шартында бес президенттің жеке кездесуі нәтижелі қорытынды болып саналатыны сөзсіз. БАҚ корреспонденттері мен мамандарға қарағанда, президенттердің өздері тікелей келіссөздерге қанағаттанған сияқты көрінеді, ал қорытынды құжаттың болмауы Каспий мәселесіне саяси ұстанымдардың қарама-қайшылығымен емес, мәселенің күрделілігімен және техникалық сипаттағы себептермен түсіндіріледі.

«Әзірбайжан және Түрікменстан үшін өзінің инвестициялық және мұнай потенциалын кеңейту үшін тартысты кен орындары бойынша біржақты келісімге келу маңызды болып табылады. Ал Иран болса, Пар-

сы шығанағына шығатын транзитті мұнай құбыры жобасынан бас тартқысы келмейді, көмірсутегі кен орындарында белсенді әрекет ететін Еуропалық компаниялардың жағымды инвестициялық бейнесіне мүдделі. Бұның барлығы санаспауға болмайтын объективті жағдайлар.

Алайда Анкараның Орталық Азия аймақтың кен орындарын игерудегі жеке мүмкіндіктері шектеулі болып қала берді. Енді қазіргі таңда Каспийде мұнай өндіруде көлемі 50%-дан төмен кішігірім біріккен кәсіпорындардағы акцияларға иелік етіп, Түркия аз көлемде қатысады. Сондықтан Батыс мемлекеттеріне Түркия өзін, бір жағынан, тауар және капитал, екінші жағынан, шикізат өтетін «көпір» ретінде ұсынды.

ГУАМ (Грузия, Украина, Әзірбайжан, Молдова) шеңберіндегі ынтымақтастықтың негізі болып Баку Жейхан бағыты бойынша мұнайды тасымалдау маршруттарын қалыптастыру және оны нәтижелі түрде қолдану болып табылады, сонымен қатар Түрікменбашы порты Баку Грузия порттары Қара теңіз Румыния және Болгария порттарының каридорымен транзитті жүктерді тасымалдауда соның қатарына кіреді» [6, 15 б.].

Ашық теңізге шығу мүмкіндігі жоқ Орталық Азияның Каспий маңы мемлекеттерінің сыртқы экономикалық қызметі көрші мемлекеттердің аумағы арқылы жүктерді тасымалдаудың мүмкіндіктері мен шарттарына толықтай тәуелді екенін атап кеткен жөн. Бұндай жағдайды энергоресурстарды тасымалдау көзқарасынан стратегиялық жағдайда тұрған кез келген көрші мемлекет пайдалануы тиіс. Түркия да олардан ерекше емес.

1999 жылы Анкарада екі маңызды құжат Анкара және Ыстамбұл декларацияларына қол қойылды, ол мамандардың бағалауы бойынша, Каспий бассейнінде энергоресурстарды өндіру және оны Батысқа тасымалдау мәселелерінде Түркияның ұстанымын айтарлықтай күшейтеді.

Екі құжат та Түркияның қалыптасуының 75 жылдығы аталып өткен күнінде мемлекеттердің қойған қолдарымен бекітілді. Олар ресми Анкараға республика тарихындағы осындай ерекше күнге арнап берілген сыйлықтардың ішінде ең маңыздысы болды.

References

- 1 Elebaev N. Realii i perspektivy sotrudnichestva CAG s organizaciey ekonomicheskogo sotrudnichestva // CA I Kavkaz. – 2000. – №2 (8).
- 2 Kelimbetov F., Nazarbaev E. Politika Kazakhstana: ot integracii k sotrudnichestvu// Sayasat. – 19. – №10.
- 3 Kushkumbaev S. Kazakhstan i geopoliticheskaya situaciya v regione Kaspiyskogo morya// Sayasat. – 1996. – №11.
- 4 Novye vyzovy i novaya geopolitika v CA posle 11 sentyabrya. – Almaty: KISI pri Prezidente RK, 2003. – 192 s.
- 5 Brazhnikov M. Kaspiyskaya pyaterka – process poshel// Kontinent. – 2002. – №9 (71).
- 6 USA podderzhivaet proekty po eksportu gaza i nefi iz CA v Turciyu// Panorama. – 2000. – №18. – 5 maya.